



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Қазан **2023**

2023 жылғы қазанда жылдық инфляция – 10,8%, айлық инфляция 0,7% болды.

Күнбағыс дәні, қарақұмық жармасының біршама қоры жиналғанына байланысты азық-түлік құрылымында өсімдік майлары мен қарақұмық бағасы одан әрі арзандады. Жаңадан жиналған жеміс-көкөніс өнімдерінің арзандағаны байқалады. Өндірушілер баға өсімін баяулатқан соң, сүт өнімдері бағасының өсу қарқыны баяулады. Сонымен қатар, биыл бидайдан алынған өнім мол болмағандықтан, ұн қымбаттап, нан-тоқаш өнімдері мен дақылдардың бағасы өсті.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар ішінде киім-кешек пен аяқ киім, фармацевтикалық өнімдер бағасы ай сайын қымбаттағаны байқалады, бұған күз мезгілінің басталуы себеп болды. Аудиовизуалды жабдықтар мен суретке түсіруге, ақпаратты өңдеуге арналған жабдықтардың, автомобиль бағасының өсуі жеделдеді.

Ақылы қызметтердің ішінде «Тарифті инвестицияға айырбастау» мемлекеттік бағдарламасы аясында реттелетін коммуналдық қызмет тарифі тағы да қымбаттап жатыр.


Жеке көлікке техникалық қызмет көрсету және көлік жөндеу бағасының өсуі жеделдеді, сонымен қатар, такси және басқа да нарық қызметтері (қоғамдық тамақтану орны, шаштараз бен сұлулық салонының қызметі, қажетті жағдай жасалған тұрғын үйді жалға алу, қонақ үйге қызметі) қымбаттағандықтан, көлік қызметінің бағалары өсті.

Биылғы ақпанда 21,3% болып, шарықтау шегіне жеткен жылдық инфляция сегіз ай қатарынан баяулап, қазанда 10,8% болды. Бағаның бір айдағы өсімі – 0,7%, бұл көрсеткіш 2017-2021 жылғы қазандағы орташа тарихи мәнге сәйкес келеді.

Майлар, жеміс-көкөніс, үй шаруашылығына қажет тауарлар мен қызметтер, тұрмыстық құралдардың бағасы түсіп, маусымдық факторлар ескерілмеген инфляция 0,6%-ға дейін баяулады (1-кесте). Маусымдық факторлар ескерілмеген баға өсімінің аннуализацияланған көрсеткіші 2023 жылғы қазан айында 7,4%-ға дейін баяулады. Сонымен қатар, бұл көрсеткіш әлі де көзделген мәннен асып кетіп отыр, сонымен қатар көптеген тауар мен қызметтің бағасы әлі де өсіп жатқанын айғақтайды.


қан

1-кесте. Инфляция көрсеткіштері, а/а




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Әртүрлі әдістеме¹ бойынша есептелген маусымдық факторлар ескерілмеген базалық инфляцияның медианалық бағасы 0,6% болды. Сонымен қатар маусымдық факторлар ескерілмеген базалық инфляция бағаларының дисперсиясы (диапазоны) қыркүйектегі 0,5%-1,2%-дан биылғы қазанда 0,5%-0,7%-ға дейін қысқарғаны байқалады. Жоғарғы шегінің төмендеуі инфляция процестерінің тұрақтану үрдісін және инфляцияның тұрақты бөлігінің біртіндеп баяулағанын байқатады (2-кесте).



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Азық-түлік инфляциясы жылдық мәнде әрі қарай баяулап, 2023 жылғы қазанда 10,4% (қыркүйекте – 11,4%) болды. Азық-түлік құрылымында негізгі тауар тобының инфляцияға үлесі азайғаны байқалады. (3-кесте).



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

¹ Базалық инфляция – бағаның тұрақты өзгеруін сипаттайтын шама. Қысқартылған орташа мән сол айдағы бағалардың ең аз 10% және ең көп 10% маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерістерін есептен шығару арқылы есептеледі; ең құбылмалы 8 компонентсіз базалық инфляция инфляциядан соңғы 2 жылдағы бағалардың маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерістерінің стандартты ауытқуы ең жоғары 8 компонентті алып тастау арқылы анықталады; медиана – сол айда маусымдық факторлар ескерілмеген бағаның өзгеруін бөлудің 50% процентилі. Қазақстан Ұлттық Банкі базалық инфляцияны көптеген тәсіл арқылы бағалайды. Есептеу әдістемелерінің сипаттамасы Ұлттық Банктің ресми сайтында «Қазақстанның базалық инфляцияны бағалау әдістері» мақаласында жазылған.

2023 жылғы қазанда айлық мәнде азық-түлік 0,5%-ға қымбаттады. Бидайдан алынған өнім мол болмағандықтан, ұн 4,3%-ға (а/а) қымбаттап, нан-тоқаш өнімдері мен дақылдардың бағасы 1%-ға (а/а) өсті. Биылғы егін жинау науқаны кезінде ауа-райының қолайсыз болуы бидайдың орташа өнімділігі мен сапасының нашарлауына әсер етті.


2023 жылғы қаңтар-тамызда ішкі өндіріс 7,7%-ға (ж/ж) төмендегендіктен, биылғы қазанда күріш бағасы одан әрі қымбаттады. Айта кету керек, күріш бағасының бір айдағы өсу қарқыны дақылдың осы түрінің әлемдік бағасы түскендіктен, қыркүйектегі 3,2%-дан биылғы қазанда 0,8%-ға дейін баяулады. Дақылдар құрылымында қарақұмық жармасының бағасы 1,2%-ға (а/а) төмендеді (жыл басынан бері 20,7%-ға төмендеді), бұл былтырдан бері қарақұмық жармасының біршама қоры жиналғанына байланысты болып отыр.

Күнбағыс дәнінің біршама қоры жиналғандықтан, күнбағыс майының бағасы әрі қарай төмендеді, бұл биыл жыл басында күнбағыс дәнін экспорттауға енгізілген тұрақты баж салығына², сондай-ақ өсімдік майларының әлемдік бағасы төмендегеніне байланысты.

Биылғы шілде-қыркүйек аралығында төмендеген қант бағасы қазанда 0,2%-ға (а/а) өсті, сонымен бірге кондитерлік өнімдердің бағасының өсуі 1,3%-ға дейін жеделдеді, бұл биылғы қазанда қант өндірушілердің бағасы 0,1%-ға (а/а), какао, шоколад және қантты кондитерлік өнімдер бағасы 3,2%-ға (а/а) өсуіне байланысты.


Азық-түлік тауарларының кей түрінің ішкі бағасы әлемдік бағадан әлі де жоғары (4-кесте).

4-кесте. Кей азық-түлік тауарларының әлемдік және ішкі бағасының динамикасы³, теңгемен, 2019 жел. = 100



² Интернет-ресурс: Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкі. URL: <http://zan.gov.kz/client/#!/doc/178165/rus>

³ Теңгенің АҚШ долларына шаққандағы орташа айлық бағамын ескергендегі 2019 жылғы желтоқсаннан бергі (2019 жылғы желтоқсан = 100) тиісті индекстердің өзгеруі.



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеулері

Биылғы қазанда бидай мен жүгері ұсынысының өсуі аясында дәнді дақылдардың әлемдік бағасы 1%-ға (а/а) төмендеді. Алайда, теңгедегі баға индексі теңгенің АҚШ долларына шаққандағы бағамының әлсіреуіне байланысты 0,8%-ға (а/а) өскенін атап өткен жөн. Сонымен қатар, ұнның ішкі тұтыну бағасының өсуі жеделдеп, 2023 жылғы қазанда сыртқы және ішкі бағалардың дифференциалы кеңейді.


Өсімдік майларының әлемдік және ішкі бағаларындағы алшақтық теңгенің айырбас бағамы әлсіреп, теңгедегі ішкі бағалар тез төмендеп, сыртқы бағалар өскендіктен аздап қысқарды. Сонымен қатар, өсімдік майларының әлемдік бағасы үш ай қатарынан төмендеп отыр, бұл жетекші өндіруші елдердегі өнім алу маусымына, сондай-ақ әлемдегі импорттық сұраныстың әлсіреуіне байланысты.

Екі ай қатарынан қанттың ішкі бағасының динамикасы сыртқы бағаның динамикасынан төмен болып отыр. Қазанның бірінші жартысында қант қамысын өңдеуге жауын-шашын кедергі болғанына қарамастан, Бразилияда өндіріс көлемі өсті, нәтижесінде биылғы қазанда қанттың әлемдік бағасы төмендеді. Сонымен қатар, бұл төмендеу негізінен теңге бағамының әлсіреуімен байланыстырылып отыр.

Биылғы қазанда ет өнімдерінің ішкі және әлемдік бағасы арасындағы дифференциал шамалы қысқарды. Биылғы қазанда еттің әлемдік бағасы 0,6%-ға (а/а) түсті, бұл негізінен әлемде, әсіресе Шығыс Азияның кейбір елдерінде импорттық сұраныстың аздығына байланысты болды. Кей жетекші жеткізушілердің экспорттық ұсынысы артуы да бағаның түсуіне ықпал етті. Алайда, еттің әлемдік бағасының өсімі баяулағанына қарамастан, теңгедегі бағалар биылғы қазандағы теңгенің АҚШ долларына шаққандағы бағамының әлсіреуіне байланысты өсті. Сонымен қатар, ішкі бағалардың да өсу қарқыны баяу.

Азық-түлікке жатпайтын инфляция жылдық мәнде 11,1%-ға дейін баяулады (қыркүйекте – 12,1%). Бағаның бір жылдағы өсіміне, негізінен киім мен аяқ киімнің, тұрмыстық заттардың, жеке тауарлардың қымбаттауы әсер етті. Бұл тауарлардың инфляцияға үлесі 2023 жылғы қазанда 7,5 п.т. болды. Сонымен қатар, ішкі энергия ресурстары нарығындағы бағаларды реттеу ЖЖМ бағасын қымбаттатқанына байланысты 2023 жылғы сәуірде өскен жанар-жағармай материалдарының азық-түлікке жатпайтын инфляциядағы үлесі тұрақты болып қалып отыр. (5-кесте).

5-кесте. Тауарлардың азық-түлікке жатпайтын инфляциядағы үлесі




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының бір айдағы өсімі 0,8%-ға дейін жеделдеді (қыркүйекте – 0,6%). Азық-түлікке жатпайтын тауарлар ішінде күз маусымының басталуына байланысты жылы киім мен аяқ киім бағасының өскені байқалады. Сонымен қатар, күн суытып, дәрі-дәрмекке деген сұраныс өсті, бұл фармацевтикалық өнімдер бағасының 1,8%-ға (а/а) өсуіне әкелді.

Аудиовизуалды жабдық пен суретке түсіруге, ақпаратты өңдеуге арналған жабдықтардың қымбаттауы 6%-ға а/а (4,3% ж/ж) дейін, автомобильдердің қымбаттауы 1,2% а/а (3,3% ж/ж) дейін жеделдеді.

2023 жылғы қазанда **ақылы қызметтердің** қымбаттауы жылдық мәнде 11%-ға дейін баяулады (қыркүйекте – 11,9%). Бағаның бір айдағы өсімі 0,8% (қыркүйекте – 0,9%) болды (6-кесте).

6-кесте. Ақылы қызметтердің жылдық инфляциядағы үлесі




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Ақылы қызметтер құрылымында «Тарифті инвестицияға айырбастау» мемлекеттік бағдарламасы аясында реттелетін коммуналдық қызмет тарифі одан әрі өсіп отыр. 2023 жылғы қазанда реттелетін ЖКҚ тарифтерінің өсімі 0,8% болды. Суық судың бағасы 0,9%-

ға (а/а), су бұру – 3%-ға, газбен жабдықтау – 0,5%-ға, электр энергиясы 1,2%-ға қымбаттады, ыстық су мен жылу тарифінің құны өзгерген жоқ (7-кесте).

7-кесте. Өңірлер бойынша реттелетін ЖКҚ бағасының өсуі, 2023 жылғы қаңтар-қазан, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ


2023 жылғы қазанда қоғамдық тамақтану орындарының қызметі 1,0%-ға а/а (қыркүйекте – 0,2%), қонақ үй қызметі – 2,2%-ға (0,2%), шаштараз бен сұлулық салонының қызметі 1,5%-ға (0,3%) қымбаттағаны байқалады. Сонымен қатар, жеке көлікке техникалық қызмет көрсету және көлік жөндеу бағасы 0,9%-ға а/а өсті, сондай-ақ такси қызметінің қымбаттауынан көлік қызметтерінің бағасы 2,4%-ға а/а өсті.

Қажетті жағдай жасалған тұрғын үйді жалға алу бағасының қымбаттауы қыркүйектегі (2,3% а/а) деңгейде қалды, бұл ретте жылдық өсім өткен жылғы жоғары мөлшерлеменің ықпалынан 4,5%-ға (қыркүйекте – 7,3%) дейін баяулады.


Аралық тауар бағасы арзандағаны және күрделі тауар бағасының өсімі баяулағаны өңдеу өнеркәсібіндегі өндіруші кәсіпорындардың бағасын төртінші ай қатарынан төмендетті. 2023 жылғы қазанда ауыл шаруашылығы саласындағы өндірушілер бағасының төмендеуі биыл астық өнімінің мол болмауынан жылдық мәнде баяулады.

2023 жылғы қазанда өңдеу өнеркәсібіндегі өндірушілердің бағасы 3,3%-ға ж/ж төмендеді, бұл аралық тауар бағасының төмендеуіне байланысты болып отыр. Өнеркәсіп сипатындағы қызметтер мен күрделі тауар бағасының жылдық өсімі баяулады (8-кесте).

8-кесте. Өнеркәсіптегі бағалар



9-кесте. Ауыл шаруашылығындағы бағалар



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Биылғы қазанда азық-түлік өндірушілерінің бағасы жылдық мәнде 2,3%-ға төмендеді. Ұн-жарма өнімдері, майларды өндірушілердің бағасы төмендегені байқалады. Ет өнімдерін, нан-тоқаш және макарон өнімдерін, басқа да азық-түлік өнімдерін өндірушілердің бағасы өсті. Сонымен қатар, сүт өнімдерін өндірушілердің бағасының өскені баяулады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар ішінде киім, жиһаз, автомобиль, жуу және тазалау құралдарын өндіретін кәсіпорындар бағасы да өсімін баяулатты.

Ауыл шаруашылығы саласындағы өндірушілердің бағасы төмендеуі 2023 жылғы қазанда жылдық мәнде 4,3%-ға дейін баяулады (2023 жылғы қыркүйекте – 6,0%-ға төмендеген) (9-кесте). Өсімдік шаруашылығында дәнді дақылдардың, атап айтқанда бидай, майлы тұқымдар, сондай-ақ кептірілген бұршақ дақылдарының бағасы одан әрі төмендеді. Сондай-ақ, бағаның төмендеуі баяу қарқынмен жүрді, бұл еліміздің астық егетін негізгі аймақтарында ауа райы қолайсыз болып, ойдағыдай өнім жиналмағанына байланысты болды. Жемге арналған дақылдар ішінде жемге арналған астық бағасының төмендегені байқалады. Мал шаруашылығында тірі мал мен құс бағасы қымбаттады, сонымен қатар шикі сүт пен жұмыртқа бағасының жылдық өсу қарқыны төмендеді.